



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

draw certain conclusions: according to the grammatical structure juridical terms can be simple and compound; one word terms are subdivided into root terms, derivative terms and complex ones; simple juridical terms can be expressed by a noun, a verb and an adjective; a word combination is regarded as a term when it expresses a single special notion and cannot be divided into independent terms without the loss of meaning; a compound term can consist of two terms acquired a new meaning in combination with each other, a term and a term element, or two general words acquired a terminological meaning in combination with each other.

Список использованной литературы:

1. Усатый, И.Б. Структурно-грамматически особенности составных терминов – названий частей речи. Электронный научный журнал “Vestnik Вестник Омского государственного университета”. Режим доступа: <http://www.omsk.edu/article/vestnik-omgpu-200.pdf>, дата обращения: 12.03.2015.
2. Авербух, К.Я. Общая теория термина / К.Я. Авербух – Москва: Издательство МГОУ, 2006. – 252 с.
3. Лейчик, В.М. Терминоведение. Предмет, методы, структура / В.М. Лейчик. – Москва: 2006, –300 с.
4. Хижняк, С.П. Формирование и развитие терминологичности в языковой системе (на материале юридической терминологии): автореф. диссер. на степень доктора филологических наук / С.П. Хижняк. – Саратов, 1998. – 38 с.
5. Королева, Е.В. Трудности учебного перевода терминов и приемы их преодоления: на материале экономической и юридической терминологии: диссер. на степень кандидата филологических наук: 10.02.19 / Е.В. Королева – Москва, 2005. – 201 с.
6. Циткина Ф.А. Терминология и перевод / Ф.А. Циткина. – Москва: Высшая школа, 1988. – 156 с.
7. Немченко, В.Н. К определению понятия термина как объекта лексикографического описания // Термин в языке и речи: межуниверситетский сборник. – Горький, 1985. – С. 14-21.
8. Пронина Р.Ф. Перевод английской научно-технической литературы. / Р.Ф. Пронина. – Москва: Высшая школа, 1986. – 156 с.
9. Лутцева, М.В. Лексикографическое описание юридической терминологии в неспециальной сфере использования (лингвостатистическое исследование на материале произведений Дж. Гришема): диссер. на степень кандидата филологических наук: 10.02.19 / В.М. Лутцева. – Иваново, 2008. – 279 с.

ОӘК: 811.111=512.122 (038)

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН СӨЗДІКТЕРІНДЕГІ «ХАЛЫҚ» КОНЦЕПТІСІ ЖАЙЛЫ АНЫҚТАМАЛАР

Бекентаева Әйгерім Бауыржанқызы

aigeshka@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының

2 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – филология магистрі, оқытушы С.І.Исаев

Тіл білімі мен оның салалары бірнеше ғасырдан бері құрылымдық тіл білімінің негізінде қарастырылып келді, яғни таза тілдік, тілдің өз ішіндегі қызметтері аясында ғана зерттелінді. Алайда, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басынан бастап, зерттеуші ғалымдар тілдік құбылыстарды адамның танымы арқылы, ұрпақтан ұрпаққа сақталып келе жатқан ұлттық таным ақпараты арқылы санада қалыптасқан ұғымдардың мән-мазмұнын, қызметін анықтауға арналған, сол ұғымды тану және таныту барысындағы субъектінің

психикалық және когнитивтік қабілеттеріне сүйенетін зерттеулер жүргізіп, соған сәйкес әдіс-тәсілдерді қолдана бастады.

Осы ғылыми тұжырымдарды дәлелдеу үшін адамның тікелей танымдық ойлау қабілетімен байланыстыра қарастыратын антропоцентристік бағыт аясындағы салалар – когнитивтік лингвистика, этнолингвистика, психолінгвистика, және лингвомәдениеттану салалары дүниеге келді. Қазіргі таңда тіл білімінің мәселелері осы бағыттардың негізінде зерттеліп, тілдің құрылымдық қызметінен басқа танымдық қызметтерінің шеңбері кеңейе түсті.

Когнитивтік лингвистиканың зерттеу объектісі бүкіл концептуалдық жүйені құруда айрықша мәнге ие болатын, әсіресе, концептілік кеңістікті ұйымдастырып, оны жіктеудің негізгі бастаушысы болып табыла алатын *концепт* болып есептеледі.

В.А.Маслова концепт туралы былай деп жазады: «Қазіргі лингвистикалық әдебиеттерде концептіні түсіну үшін жалпы ережеге негізделген үш негізгі әдісті белгілеуге болады: *концепт* дегеніміз – ұғым мазмұны, мағына синонимі. *Бірінші әдіс* (оның өкілі – Ю.С.Степанов) концептіні қарастыруда мәдениеттану аспектісіне көп көңіл бөледі, мұндағы барлық мәдени концептілер жиынтығы олардың арасындағы байланыстар ретінде ұғынылады. Сонымен, концепт дегеніміз – бұл адамның ментальдік дүниесіндегі мәдениеттің негізгі ұясы»

А.Вежбицкая «*концепт* – бұл ақиқат әлемі туралы адамның мәдени-шартты түсінігін бейнелейтін «идеалды әлемнің объектісі» - деп пікір білдіреді. [1.416];

М.Т.Күштаева мынадай пікір білдіреді: «Мәдени концептінің кілті (ключевые концепты культуры) – лингвомәдени таным тұрғысынан жалпы қоғамдағы экзистенциалды (имеющий (выражающий) значение бытия) мағыналы әлем бейнесінің өзегі болып табылатын тілдік бірліктер. Бұл тұрғыда мәдени концептілерді «ұлттық мәдени категорияларды жатқызуға болады. Мысалы, қазақтар үшін *қонақжайлық, шеберлік, еңбекқорлық, ерік, ерлік, ұлтышылдық* т.б. ұғымдар мәдени концептінің ұлттық мәдени категорияларына жатады [2.12].

Концепт сөздердің беретін ұғымын түсіну арқылы жеке бір адамнан бастап, қоғамдық топтардың, бүкіл бір ұлттың, халықтың ой-өрісінің, дүниетанымының ерекшеліктері айқындалады. Бұл сөздер адамның ой санасына, ішкі дүниесіне байланысты басты-басты ұғымдарын оның элементтері ретінде таңбалай отырып, сонымен бірге олардың мән-мағынасын да қамтиды. Аталған сөздердің лексикалық мағыналарын анықтау арқылы қосымша мән-мағынаның ашылуына септігін тигізеді. Бұл дегеніміз бұрынғы түсіндірме ұғымдарды жаңа қырынан бағалауға мүмкіндік туғызады. Бізге белгілі болғандай, концептіде адамның қоршаған дүниені тану барысында қандай да бір ақпаратты ұғынуы мен қалыптастыруы, жинақталған тәжірибесінің ішкі таным дүниесі көрініс табады.

Жалпы концепт ұғымы ғылыми шеңберде кең қарастырылып отырған өзекті мәселелердің бірі. Ғалымдар арасында дау туғызушы басты сұрақ – адамның дүниені тану барысында тілде көрініс тапқан ұғым-түсініктердің қайсысы концепт болады және концепт болып табылса, оған қандай ерекшеліктер тән?

Бұл сұрақтарға жауап ретінде кез келген тілде көрініс тапқан ұлттық түсінік концепт бола алмайды дегенді айта аламыз. Концепт болуы үшін, ең алдымен, ұғым-түсініктің танымдық, мәдени реңкі күшті ұлттық дүние танымды ерекше таныта алатын қасиеті болуы керек. Басқаша айтқанда, концептіні белгілейтін тілдік бірліктің астарында ұлт үшін маңызы жоғары, кейде тіпті символ дәрежесіне көтерілген ұғым жатуы керек. Мысалы, «шаңырақ» - уықтарды бір ортаға жинап, ұстап тұратын шеңбер пішінді киіз үйдің төбе бөлігі. Ал осы «шаңырақ» сөзінің арқалайтын мәні қазақ үшін өте маңызды, ол отбасы, берекелі үй, ошақ, Отан ұғымдарын білдіреді. Мысалы, тілде сақталған *шаңырағың шайқалмасын, шаңырағың биік болсын, шаңырағың түңілмесін* сияқты бата-тілектер соны дәлелдейді. Қазақтар үшін киіз үй дүниенің кішірейтілген моделі іспеттес болса, шаңырақ соның ең бір қастерлі де қасиетті бөлігі. Екіншіден, концептінің негізінде тілдік бірліктің тууына арқау болатын бейне (образ) болуы шарт. Өйткені «әр сөз қалай болғанда да, өзінің поэтикалық шығарма

қалпын бастан кешіреді. Әр сөздің түп төркіні – зат, сурет, образ». Үшіншіден, концепт орталығында белгілі бір түсінік жатса, әрі қарай когнитивтік қабаттары оның мағыналық аясын ашатын әр түрлі тілдік бірліктер – фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, символдар, перифразалар, тұрақты теңеулер, нақыл сөздер, мәтін деңгейіндегі прецеденттер (тәмсілдер) (аңыз-әңгімелер, шешендік сөздер, жұмбақтар, ертегілер) т.б. құрамында көрінеді.

Біз зерттеп отырған қазақ және ағылшын тілдеріндегі «халық» концептісі де ұлттық дүние танымды ерекше таныта алатын қасиеті бар ұғым деп айта аламыз. Өйткені қазақ тілінде сақталған *Халық айтпайды, халық айтса қалып айтпайды, Көптің сөзі – темір талқы, Қисайғанды түзетер* деген мақалдар және *еліңнің (халқыңның) елеулісі (қалаулысы) бол!*, *елдің тұтқасын ұстады, ел (жұрт) таныды, жалпақ ел (жұрт), қабырғалы қалың ел, жұртты бастады* т.б. фразеологиялық тіркестер, «*Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра*» (Молдағалиев Ж. (1920-1987) қазақ ақыны) [3.79], «... *Қазақтар өте қонақжай, өзі аш қалса да соңғы фунт етін қонаққа ұсынады*» (Кастанье Иосиф Антонович - қазақтың этнография-сын, өлкенің археологиясын зерттеген) [4.40] деген афоризмдер, ал ағылшын тілінде сақталған *Voice of the people is the voice of God* (Көптің үні, көктің үні), *The greatest pleasure in life is doing what people say you cannot do* (Өмірдегі ең рахат нәрсе – сенің істей алмайтыныңдығың жайлы халықтың айтқанын орындау) сияқты мақалдар және *the cream of society* (қоғамның бетке ұстарлары (көсемдері), *a pillar of society* (қоғамның тірегі), *the rank and fashion* (зиялы (жоғары) қоғам, аристократия), *all the world and his wife* (елдің бәрі, қалың көпшілік, барлық жұрт), *raise oneself (nemesce rise) above the crowd* (елден ерекшелену) фразеологиялық тіркестер, «*I like the English. They have the most rigid code of immorality in the world*» *Malcolm Bradbury* (Қазақша аудармасы: *Маған ағылшындар ұнайды. Оларда әлемдегі моральсыздықтың (азғандық, бұзылғандық) ең қатал заңы бар*) [5], «*If one could only teach the English how to talk and the Irish how to listen, society would be quite civilized*» (*Oscar Wilde* (1856—1900), Irish writer) (Қазақша аудармасы: *Егер ағылшындарға қалай әңгімелесуді, ал ирландтарға қалай тыңдауды үйрете алсаң, қоғам тым өркендеп кетер еді*) [5] деген афоризмдер аталған пікірімізге дәлел бола алады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «халық» концептісіне берілген ұғымдар мен түсініктер мынадай: «Халық.. зат.1) *Белгілі бір елді, мемлекетті мекендейтін адамдардың жалпы жиыны.* 2) *Ел-жұрт, бұқара, көпшілік*» [6.55]. Ал, синонимдер сөздігінде: «Халық, ел, жұрт, жамағат, қауым, халайық, әлеумет, жаран. *Біртектес ұлыстардың қауымдасқан тобы, көпшілік.*» - деп анықтама берілген. Ағылшын тілінің түсіндірме сөздігінде: «*Nation – large community of people associated with a particular territory usually speaking a single language and having a political character or political aspirations*» - деп анықтама берілген [7]. Ал синонимдер мен антонимдер сөздігінде: «*Nation – people, population, folk, society, public, country, state, kingdom etc.*» - деп халық сөзінің синонимдерін көрсеткен [8.277].

Қорыта айтқанда, қазақ және ағылшын тілдеріндегі «халық» концептісі түрлі аспектіден қарастыруды қажет ететін, тақырыптық аясы кең, этномәдени мазмұны терең, қамтитын мәселелері өте маңызды, концептуалдық өрісі ауқымды концепт болып табылады. «Халық» концептісінде бүгінгі ғылыми тұрғыдан зерттелген, негізделген ұғымдардың әр халықтың танымындағы көрінісі таңбаланған. «Халық» концептісі ағылшын және қазақ дүниетанымының қалыптасу жолдарын көрсете алатын, даму тарихы мен күрделі құрылымы бар концепт.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – Москва. Русские словари., 1996, - Б.416
2. Күштаева М.Т. «Тары» концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны. Филол.ғыл.канд.дисс. –Алматы, 2002. – Б.12
3. Қайдар Ә.Т. Халық даналығы. Тоғанай Т. Алматы, 2004, Б.79
4. Ақылдың кені «Ана тілі» баспасы, А., 2008, - Б.40
5. Internet. Aphorisms, Quotations, Wisecracks. England and the Englishman
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы. 10 том, Алматы,